

Қаракемер ауылындағы Бейбітшілік көшесінің 2-ші бұрылысының атауын өзгерту туралы

Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Қаракемер ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 20 сәуірдегі N 4 Шешімі. Жамбыл облысы Жамбыл ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 19 мамырда 115 нөмірімен тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қаракемер ауылындағы Бейбітшілік көшесінің 2-ші бұрылысы тұрғындарының пікірін ескере отырып және «Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, **ШЕШЕМІН:**

1. Қаракемер ауылдық округіне қарасты Қаракемер ауылындағы Бейбітшілік көшесінің 2-ші бұрылысының атауы Ұлы Отан соғысының батыры Мәншүк Маметова атындағы көшесі болып өзгертілсін.

2. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а р а к е м е р а у ы л д ы қ
округінің әкімі *Е. Бұралхиев*